

Қарағанды облысының мәслихаты

Қарағанды облыстық  
мәслихатының 2024 жылғы 25  
қыркүйектегі № 210 шешімі.  
Қарағанды облысының Әділет  
департаментінде 2024 жылғы 27  
қыркүйекте № 6658-09 болып  
тіркелді

Маслихат Карагандинской области

**«Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды амбулаториялық емделу кезінде қосымша беру туралы» Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 34 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды амбулаториялық емделу кезінде қосымша беру туралы» Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 34 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6207 тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихат төрағасы**

**Н. Кобжанов**



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

Қарағанды облыстық мәслихатының  
2024 жылғы 25 қыркүйектегі  
№ 210  
шешіміне қосымша

Қарағанды облыстық мәслихатының  
2021 жылғы 25 ақпандағы  
№34  
шешіміне 1 қосымша

**Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша  
берілетін амбулаториялық емдеу кезінде қосымша тегін медициналық  
көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, медициналық  
бұйымдар**

1. Амбулаториялық емдеу кезінде диагноздармен (рецепт бойынша)  
қосымша тегін берілетін дәрілік заттар:

- 1) «Канакинумаб» дәрілік заты - «Ювенильді идиопатиялық артрит»  
диагнозында ;
- 2) «Тоцилизумаб» дәрілік заты - «Ювенильді склеродермия» диагнозында;
- 3) «Адалимумаб» дәрілік заты - «Ревматоидты артрит» диагнозында;
- 4) «Метилпреднизолон» дәрілік заттары - «Жүйелік склеродерма»  
диагнозында;
- 5) «Азатиоприн» дәрілік заты - «Бехчет ауруы» диагнозында;
- 6) «Белимумаб» дәрілік заты - «Жүйелі қызыл жегі» диагнозында;
- 7) дәрілік заты - «Блекфан-Даймонд анемиясы» диагнозында;
- 8) дәрілік зат - «Өкпе артериялық гипертензиясы» диагнозында;
- 9) дәрілік зат- «Эпилепсия» диагнозында;
- 10) дәрілік зат - «Ювенильді идиопатиялық артрит» диагнозы кезінде;
- 11) дәрілік зат - «Бехтерев ауруы» диагнозында;
- 12) дәрілік заты «Мацитентан» - «Өкпе артериялық гипертензиясы»  
диагнозында;

- 
- 13) дәрілік заты «Кладрибин» - «Шашыраңқы склероз» диагнозында;
- 14) дәрілік заттары «Секукинумаб», Гуселькумаб - «Псориаз» диагнозында;
- 15) дәрілік заты «Этеплирсен» - «Мышечная дистрофия Дюшена»  
диагнозында;
- 16) дәрілік заты «Секукинумаб» - «Псориаздық артрит (псориаздық  
артропатия)» диагнозында;
- 17) дәрілік заты «Ритуксимаб» - «Оптикалық спектрдің невромиелит  
аурулары» диагнозында;
- 18) дәрілік заты «Омализумаб» - «Бронхиалды астма» диагнозында.
2. Амбулаториялық емдеу кезінде медициналық бұйымдар диагнозбен тегін:  
медициналық бұйымдар (рецепт бойынша) «Буллезді эпидермолиз» диагнозы бар  
азаматтарға.